

«Сұлукөл ЖОББМ» КММ

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

Сұлукөл ауылы

27.03.2023ж

Қатысқандар: 22 педагог

Күн тәртібінде:

1. III педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы. (А.Утегенова)
2. III тоқсан бойынша оқушылар қозғалысы мен білім сапасына салыстырмалы сараптама қорытындысы туралы. (С.Жумагулова)
3. Мектепті мемлекеттік аттестаттаудан өткізу туралы. (А.Утегенова)
4. «Тиімді тәсіл- табысқа жеткізер» баяндама.
5. Оқу жылын аяқтау, орта білім беру ұйымдарында 9,11-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы нұсқаулықпен таныстыру. (А.Утегенова)
6. «Жаңа заманға көшбасшы мұғалім» коучинг (А.Ақылбекова)
7. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізуге дайындық жұмыстары туралы. (С.Жумагулова)
8. Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары. (А.Ақылбекова)
9. Педагогикалық кеңестің шешімімен таныстыру. (А.Утегенова)

Тындалды:

Келесі мәселе бойынша мектеп директоры А.Утегенова сөз алып:

2023 жылдың қыркүйек, қазан айларына мемлекеттік аттестаттау өткізілетін мектептердің тізімі анықталды, соның ішінде біздің мектеп қазан айына жоспарланып тұр. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 20 ақпанындағы хаты негізінде және аудандық білім бөлімінің 2 науырыздағы хатының негізінде оқушылардың жазғы каникулда болуы себепті 4,9-сынып оқушыларынан оқыту нәтижелерін бағалау қазан айына жоспарланған мектептерден мамыр айына өткізетінін хабарлайды. ҚР оқу ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 жылғы № 12 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы нұсқаулыққа сәйкес 4,9-сыныптардың оқыту нәтижелеріне бағалау өзін-өзі бағалау жүргізу процесі барысында өткізіледі, сол себептен оқыту нәтижелеріне бағалау мамыр айына жоспарланған мектептерде өзін-өзі бағалау өткізудің бұйрығын мамыр айының 1-не шығаруды ұсынады. Өзін-өзі бағалау материалдары бір ай бұрын интернет ресурстарына орналастырылады. Біз бірінші қыркүйекте барлық материалдарды сайтқа салып болуымыз керек.

Пед.кеңестің шешімі:

Мектептің өзін-өзі бағалауы 1-ші мамырдан бастап жүргізілсін. Өзін-өзі бағалау өткізудің бұйрығы шығарылып, комиссия құрамы бекітілсін.

Пед.кеңестің төрайымы:

Хатшы:



А.Утегенова

С.Жумагулова